

Қарағанды облысы Осакаровка ауданы
Маржанкөл ауылдының №8ЖББМ.КММ.

**Білім күніне арналған сыннып сағаттың
тақырыбы:**

«Мектебім – мейірім мекені»

5 сынныптың жетекшісі:

Қарабай М.Қ.

2023-2024 о.ж.

«Мектебім мейірім мекенім» тәрбие сағаты

Мақсаты: Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- өзара сыйластық қарым — қатынастарын дамыту;
- мейірбандылыққа тәрбиелеу.

Біз бұғынгі тренингімізде адамның жақсы құндылықтарының бірі мейірімділік жайлы әңгімелесеміз. Адамдардың бір — біріне деген мейірімділігі — әдептілік белгісі.

Мейірімділік — адамның өзге біреуге жылдылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді.

Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс - тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат - шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады.

“Мейірімділік, махабbat, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады” (Шәкәрім) Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан. Ж. Баласағұн “кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең - мейірімділік көресің” деп, мейірімділікке зор мән берген.

«Мейірімді адам» бойындағы қасиеттерді атар өтсек: жақсы адам, ақкөңіл, жаны таза, шыдамды, рақымшыл, жылы жүректі. Енді осындай адам деп кімді айтар едіңдер?

— Эрине мейірімді жандардың қатарында ең бірінші біздің аналарымыз тұрады еken. — Адамзат ненің мейіріміне бөленген?

— Күн, табиғат, ана, ұстаз, дәрігер және тағы басқалардың мейіріміне бөленеді. Ендеше мына сұрақтарға жауап беріп көрейікші:

Ойланайық, пікірлесейік

1. Мейірімділік деген не?

2. Сенің ойыңша мейірімді адам қандай болу керек?

3. Өздерің қандай мейірімді іс жасадындар?

Үлкендер еркелеткенде қандай күйде боласындар?

Жақсы көретін адамдарға қандай тілек айтқың келеді?

Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде қандай сезімде болдындар?

Мейірімділікті қалай көрсетуге болады?

Адамдар бір - біріне жылы сезімін білдіріп, тек жақсылық ойлау, игілік жасау арқылы мейірімділік таныта алады.

Нақыл сөздер «Мейірімділік - жүректен» (Халық даналығы)

“Мейірімділікті анадан үйрен” (Халық даналығы)

Ана халық ұғымында жаратушы. Олай дейтініміз табиғатты да, адамды да дүниеге әкелуші ана. Табиғаттың қай жаратылысын алғып қарамайық, бәрі де адамдарға мейірімін сыйлайды. Мәпелеп, аялап бар жақсылығын мейірімін бәріне бірдей көрсетеді.

Мейірімділік – асыл қасиет Мейірімді адам өзге адамға, тұма - туысқандарына, табиғатқа деген жанашырылыш сезімін, қамқорлығын көрсетуге дайын тұрады. “Табиғаттағы барлық жылу –... Адамдардың қажетіне жарай біл! Бәрі де адам бойындағы асыл қасиеттер мен мінезден басталады. Жақсы қасиеттерге қайырымдылық, мейірімділік, достық жатады. Адам дүниеге келгенде... Мейірімділіктің жолы- жарық күн

Мақал - сөздің мәйегі

1. Ата - асқар тау Ана(бауырындағы бұлағың)

2. Ұлың өссе, Ұлы (ұлгілімен ауылдас бол) Қызың өссе (Қызы ұлгілімен ауылдас бол.)

3 Бала жас шыбық сияқты -(қалай исен солай иіледі).

4. Бала жақсы болса -(қуаныш, жаман болса - қиналыс.)

5. Ерлі - зайыптылар тату болса -(үйге береке, араз болса - елге келеке)

6. Анасы қандай болса -(баласы сондай)

“Мейірімділік” кестесі Мейірімді істер Мейірімді адамның қасиеттері «Мейірімділік шұағы» сөзін топтастыру

(Тақтаға оқушылар осы сөздің мағынасын ашатын сөздерді қойып шығады) Сүйіспеншілік, қамқорлық, жарастық, ынтымақ, бауырмалдық, махаббат, ынтымақ, бірлік достық. Күлімдеген күн мейірімді! — Кіршіксіз

ақ қар мейірімді! — Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! — Аяулы анам мейірімді! — Қадірлі әкем мейірімді! — Әлпештеген әжем мейірімді! — Еркелеткен атам мейірімді! — Жылы жүзді ұстазым мейірімді! — Тату — тәтті достарым мейірімді!

Мейірімділік дегеніміз:

Мейірімділік рахметті күтпейтін, өз істерінің бағалауын, аталуын талап етпейтін сезім; Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілдік, жанашырлық. Ізгі ниет секілді қасиеттер;

Мейірімділік — адамның өзге біреуге жылыштырынын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі; Мейірімділік - адамдар бір - біріне жылы сезімін білдіріп, тек жақсылық ойлау, игілік жасау арқылы мейірімділік таныта алуы;

Мейірімділік адамның ізгілігін анықтайды;

Мейірімділік махаббат, қайырымдылық, Адалдық секілді ақ жүректен шығады; «Жылы сезім жүректерде сақталады,

Мейірімділік тек жүректен басталады».- деп балаларды жүректен жүрекке шеңберіне шақырады.

Балалар шеңбер құрып тұрады. Бір — біріне деген жақсы тілектерін білдіреді. Балалар бәрі қосылып: «Балалардың мейірімді жүрегі, Сіздерге бақыт, шаттық тілейді» — деп қонақтарға өздері жасаған жүрекшелерді ұсынады.